

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2022 жылы 9 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер - Министрі
Ә. А. Смайыловқа

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Бүгінгі шиеленісті халықаралық жағдай отандық бизнес өкілдерінің мүдделеріне кері әсер етуде.

Шиеленіс аймағында Қазақстандық кәсіпкерлерге тиесілі 1007 жүк вагоны тұрып қалған, 680 жүк вагоны шиеленіс аймағына жетпей тоқтатылған. Жүк вагондарының транзит құны екі есеге өсіп кеткен.

Логистиканың бұзылуына байланысты Европадан елімізге келетін тұқым, тыңайтқыш, өсімдіктерді қорғау құралдарын жеткізу қиындап кеткен. Аталған тауарлардың көктемгі егістік жұмыстарына тұтынуға қажетті ауқымының 50-пайызы ғана жеткізіледі деген болжау жасалуда. Импорттан келетін өсімдікті қорғау құралдары егістікке қажеттіліктің 90-пайызын құрайды!

Отандық бизнес өкілдері жүздеген миллион теңге шығынға ұшырауда. **Үкімет қимылдап жатыр, бірақ мына заманда өте ширақ болу маңызды!**

Анықталғандай, еліміздің бизнесі көптеген халықаралық сауда брендiлермен Ресей арқылы жұмыс істеген!

Ол брендiлер көршімізден жаппай шығып жатыр!

Мұнай тасымалдаудың да проблемасы шығатындығы анық!

Неге Үкімет кезінде **мұнай тасымалы**, сауда брендiлерінің балама логистикасын ойластырмаған?!

Ресей рубльінің тез босаңсуы біздің елімізге көршімізден **азық-түліктің** импортының еселеп өсуіне алып келуі мүмкін. Бұл өз кезегінде Қазақстандық **азық-түлік өндірушілердің** жағдайын мүлдем тұралатып жіберуі ықтимал!

«Жығылған үстіне жұдырық» болып халқымызды баға мен девальвация алқымнан қысып жатыр!

«Аманат» партиясының сайлаушылары осы мәселелер бойынша алаңдаулы!

Осы тұрғыда,

1. Қазақстанның тасымал логистикасын әртараптандыруға қандай қадамдар жасалуда?

2. Халықаралық сауда бренддерінің Қазақстанмен тікелей жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін не істелуде?

3. Мұнай тасымалын әртараптандыруға қандай әрекет жасалуда?

4. Жалпы, турбуленттік кезеңде, Қазақстанның экономикалық мүдделерін қорғаудың жаңа философиясы бар ма?

Осы мәселені заңда белгіленген мерзімде қарастырып, жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің депутаттары,

«АМАНАТ» партиясының фракция мүшелері

Е. Саиров

А. Сарым

Е. Бейсенбаев



Т. Мұхсинова



74 64 08



Muhsinova@parlam.kz